

«Ақмола облысы білім
басқармасының Бурабай ауданы
бойынша білім бөлімі, Щучинск
қаласының №8 мектеп
гимназиясы» КММ

КГУ «Школа-гимназия №8
города Щучинск отдела
образования по Бурабайскому
району управления образования
Акмолинской области»

БҰЙРЫҚ

14мамыр 2021ж.

Щучинск қаласы

№ 128

ПРИКАЗ

14май 2021г.

город Щучинск

Ақмола облысы Білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімінің "Щучинск қаласының № 8 мектеп-гимназиясы" КММ-де 2020-2021 оқу жылының аяқталу және білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы»

Ақмола облысы білім басқармасының 06.05.2021 жылғы №113 бұйрығы, сондай-ақ Бурабай ауданы бойынша білім бөлімінің 11.05.2021 жылғы № 368 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың келесі мерзімдері бекітілсін:

- 1) № 8 мектеп-гимназиядағы оқу сабақтары-2021 жылғы 25 мамыр;
- 2) 9-сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары-2021 жылғы 28 мамырдан 5 маусымға дейін;
- 3) 11 – сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары-2021 жылғы 1-10 маусым аралығында.

2. Санитариялық талаптарды сақтай отырып, 9-сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

- 1) қазақ / орыс / тілі (оқыту тілі) бойынша эссе түріндегі жазбаша емтихан-2021 жылғы 28 мамыр;
- 2) Математика (Алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2 маусым 2021 жыл;

3) қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2021 жылғы 5 маусым;

Санитариялық талаптарды сақтай отырып, 11-сынып білім алушылары үшін:

1) қазақ / орыс / тілі (оқыту тілі) бойынша эссе түріндегі жазбаша емтихан-2021 жылғы 1 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2021 жылғы 4 маусым;

3) Қазақстан тарихы бойынша тестілеу-2021 жылғы 7 маусым;

4) қазақ тілінен тестілеу-2021 жылғы 10 маусым;

3. 9, 11-сыныптардың білім алушыларын санитарлық талаптарды сақтай отырып қайта қорытынды аттестаттау 2021 жылғы 11-19 маусым аралығында өткізіледі.

4. Ата-аналардың немесе заңды өкілдердің өтініші бойынша пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білім кемшіліктерін толықтыру және білім сапасын арттыру мақсатында барлық ниет білдірген білім алушылар үшін 2021 жылғы 19 маусымға дейін оқуын жалғастыру.

5. №8 мектеп-гимназия әкімшілігі осы бұйрықтың, "орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2020-2021 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін.

6. 2020-2021 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.В. Балашоваға жүктелсін.

Мектеп директоры



Қалиева Г. Т.